

Қазақстан Республикасының Венгр Республикасындағы Елшілігінің мәселелері

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің қаулысы 6 тамыз 1993 ж. N 682

Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасының Венгр Республикасындағы Елшілігін ашу туралы" 1993 жылғы 15 сәуірдегі N 1183 U931183_ Жарлығын орындау үшін Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Венгриядағы Елшілігінің штаттағы қызметкерлері жылдық айлықақы қоры 190176 АҚШ доллары сомасында 18,25 адам болып бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының Венгр Республикасындағы Төтенше және Өкілетті Елшісіне 1400 АҚШ доллары мөлшерінде лауазымдық жалақы белгіленсін.

Елшілік қызметкерлерінің лауазымдық жалақылары Қазақстан Республикасының Венгр Республикасындағы Төтенше және Өкілетті Елшісінің штат кестесіне сәйкес шет ел валютасындағы жалақысына қарай белгіленсін.

3. Қазақстан Республикасының Венгр Республикасындағы Елшілігінің жұмыс көлемінің ауқымдылығы және оған жүктелген міндеттің маңыздылығы ескеріліп, Қазақстан Республикасының Төтенше және Өкілетті Елшісінің лауазымдық жалақысына оның шет ел валютасындағы жалақысының 20 проценті мөлшерінде үстемеақы белгіленсін.

4. Елшілік қызметкерлеріне медициналық қызмет көрсетуге арналып

жасалатын аударым олардың АҚШ долларындағы айлықақы қорының 2 проценті мөлшерінде белгіленсін.

5. Қазақстан Республикасының Венгр Республикасындағы Елшілігінің шығыс сметасы 1993 жылдың екінші жартысына 579,4 мың АҚШ доллары және 48815,1 мың сом мөлшерінде бекітілсін.

Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі 1993 жылға арналған республикалық бюджет пен Республикалық валюта қорында осы мақсатқа көзделген қажетті қаржының Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігіне тоқсан сайын бөлінуін қамтамасыз етсін.

Қазақстан Республикасының
Премьер-министрі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК